

Білім беру бағдарламаларының тізілімі үшін

1	Білім беру бағдарламасының атауы	7R01127 - Офтальмология (ересектер, балалар)
2	ББ түрі (қолданыстағы, жаңа, инновациялық)	қолданыстағы
3	ББ мақсаты	Ересек, балалар офтальмологиясы мамандығы бойынша өз бетінше жұмыс істеу үшін маман дәрігерлердің сапасына қойылатын заманауи талаптарға жауап беретін білікті, бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауды қамтамасыз ету болып табылады.
4	ББ ерекшеліктері (жоқ, бірлескен, қос дипломды)	Құзыреттер мен оқыту нәтижелері офтальмология бойынша кәсіби стандартты енгізуді ескере отырып қалыптастырылған.
5	Серіктес ЖОО	-
6	Оқыту нәтижелері	ОН-1 Пациенттерде шағымдарды, өмірдің анамнезін жинауды жүзеге асыру, пациенттерді тексеруді жүргізу, тәлімгердің қадағалауымен ақпаратты түсіндіру және талдау, алдын-ала диагнозды тұжырымдау, көз алмасы мен оның қосалқыларының аурулары бар пациенттерді зертханалық және аспаптық тексеру жоспарын негіздеу және құру. ОН-2 Анатомиялық және функционалды жас ерекшеліктерін ескере отырып, зерттеу әдістерін қолдану, көз алмасының және оның қосалқыларының неғұрлым кең таралған ауруларын анықтау және дифференциалды диагностикалау дағдыларын жүзеге асыру. ОН-3 Науқастарды аппараттық, зертханалық тексеруге негіздеу және жіберу, аппараттық және зертханалық тексерудің нәтижелерін түсіндіру және талдау, дәрігер-мамандарға консультацияға жіберуді негіздеу, жүргізілген консультациялардың нәтижелерін түсіндіру және талдау, қолданыстағы АХЖ 10 ескере отырып, диагнозды тұжырымдау, көз алмасы мен оның қосалқылары ауруларының асқынуларын анықтау. ОН-4 Емдеуді әзірлеу және тағайындау, операцияға көрсеткіштер мен қарсы көрсетілімдерді анықтау, емдік манипуляциялар мен операциялық араласуларды тағайындау және орындау, көз алмасы мен оның қосалқыларының аурулары бар пациенттерге жүргізілген емдеу-диагностикалық іс-шаралардың тиімділігін бағалау.

		ОН-5 Шұғыл жағдайларды, оның ішінде төтенше жағдайларды қоса алғанда, өмірге қауіп төндіретін жағдайларды тану және реанимация мен қарқынды терапия бойынша іс-шаралар жүргізуді талап ететін жағдайлар мен аурулар кезінде науқастарға, көз алмасы мен оның қосалқыларының аурулары бар науқастарға (тәлімгердің қадағалауымен) шұғыл түрде медициналық көмек көрсету.
		ОН-6 Науқаспен, оның ортасымен тиімді өзара әрекеттесе алу қабілеті, науқас үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында әріптестермен, бейінді бөлімшелердің дәрігерлерімен дұрыс, барабар және тиімді өзара әрекеттесе алу қабілеті.
		ОН-7 Тәлімгердің бақылауымен және қадағалауымен есепке алу-есеп беру медициналық құжаттамасын ресімдеуде, сақтауда және өңдеуде кәсіби білімді қолдану, күнделікті жұмыста, презентацияларды әзірлеуде, модульді/пәнді өз бетінше зерделеуде, сондай-ақ практикалық денсаулық сақтауда ҚМАЖ-пен жұмыс істеуде IT-технологиялар саласындағы білім мен дағдыны пайдалану
		ОН-8 Зерттеу және ғылыми жобаларға қатысу, зерттеу мәселелерін тұжырымдау, кәсіби әдебиетті іздеу және талдау жүргізу, зерттеу деректеріне сыни баға беру.
		ОН-9 Білім мен дағдыларды өз бетінше алудың әртүрлі нысандарын қолдану және кәсіби топтың басқа мүшелерін оқыту, кәсіби оқыту іс-шараларына: конференцияларға, семинарларға, вебинарларға қатысу, өз бетінше алған ғылыми-медициналық ақпаратты және отандық/шетелдік тәжірибені практикалық қызметке біріктіру
7	Оқыту түрі	күндізгі оқу
8	Оқыту тілі	орысша, қазақша
9	Кредиттер көлемі	210
10	Берілетін академиялық дәреже	Резидентура
11	ББ аккредиттеу (аккредиттеу органының атауы, аккредиттеудің қолданылу мерзімі)	НАОКО, SA №0071/6 от 21.12.20 г.

		медициналық технологияларды қолдана отырып, стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда халыққа мамандандырылған консультациялық-диагностикалық және емдеу-профилактикалық офтальмологиялық көмек көрсету; офтальмология мәселелері бойынша ғылыми-практикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу; есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізу.											
3	Микрохирургия	Осы пән кезінде резиденттер офтальмологиядағы әртүрлі операциялық белсенділік түрлерімен, оның ішінде науқастарға жоғары технологиялық, офтальмологиялық көмекпен танысады. науқастарды бақылау және операциядан кейінгі кезеңде қажетті	БП	МК	19	+	+	+	+	+	+	+	+

		манипуляцияларды орындау; микрохирургиялық офтальмопатологиясы бар пациенттерді оңалтудың госпитальдық кезеңін жүргізу.												
	Таңдау компоненті (Нейроофтальмология)	Бұл пән бас миының тамырлық патологиясы, бас-ми жарақаттары кезіндегі нейроофтальмологиялық бұзылыстардың этиология, клиника, диагностика мәселелерін және қазіргі заманға сай зерттеу әдістерін қарастырады.		ТК	8	+	+	+		+	+	+		
	Окулопластика	Бұл пән көз алмасының сыртында жасалатын хирургиялық сұрақтарды қамтиды. Бұл қабақтарға, көз бұлшықеттеріне, көз жасына, тіндерге және орбиталық сүйектерге операциялар, сондай-ақ көз алмасын протездеу үшін қажетті араласулар.		ТК	8	+	+	+		+	+	+		

